

Ішкі және халықаралық авиажелілерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған жүйелі авиарейстерді орындау құқығына ашық тендерлер өткізудің тәртібі туралы уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 8 тамыз N 1239. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 401 қаулысымен

Ішкі және халықаралық авиажелілерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетулер нарығындағы бәсекелестікті одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Ішкі және халықаралық авиажелілерінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған жүйелі авиарейстерді орындау құқығына ашық тендерлер өткізудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес тендерлік комиссияның құрамы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігі бір ай мерзімде Ішкі және сыртқы желілерде чартерлік рейстерді жүзеге асыру тәртібі туралы Ереженің жобасын әзірлесін және Үкіметтің қарауына енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 8 тамыздағы

N 1239 қаулысымен

бекітілген

Ішкі және халықаралық авиажелілерде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған жүйелі авиарейстерді орындау құқығына ашық

тендерлер өткізудің тәртібі туралы

УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Уақытша ереже Ішкі және халықаралық авиажелілерде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге арналған жүйелі авиарейстерді орындау құқығына ашық тендерлер ұйымдастыру мен оны өткізудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Ашық тендерді өткізудің мақсаты әуе көлігінің қызметін тұтынушыларға қауіпсіз және сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, авиациялық көліктің жұмысы мен қызметінің рыногын реттеу, онда бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау, осы қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қ о р ғ а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Тендердің нысанасы белгілі бір маршруттарда жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсетуде жүйелі авиарейстерді орындауға құқық алу болып табылады.

4. Тендердің негізгі принципі тұтынушылар үшін мейлінше қауіпсіз әрі тиімді жағдайлар ұсынатын және ұсына алатын авиатасымалдаушыға нақты әуе желісін пайдалану құқығын беру болып табылады.

Тендерді ұтып шыққан деп тендер комиссиясының қорытынды бойынша өте жақсы жағдайлар ұсынған тұлға танылады.

5. Тендерді өткізудің негізгі міндеттері:

а) авиатасымалдаушылар үшін әуе желілерін пайдалану құқығын алуына бәсекелестік орта мен тең жағдайлар жасау;

б) тұтынушылар үшін әуе кемелері ұшуының қауіпсіз жағдайларын, тасымалдаудың жүйелілігін, тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары сервисі мен сапасын қамтамасыз ететін мейлінше тиімді және пайдалы ұсыныстарды а н ы қ т а у .

6. Ашық тендерлер өткізудің бастамашысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті болады.

Тендерді тендер комиссиясы өткізеді, оның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Тендер Қазақстан Республикасында тендерге шығарылған әуе желілері бойынша жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдаудың қажетті талаптарын сақтай отырып мейлінше әлеуетті жүзеге асыратын бірнеше (кемінде екеу) авиатасымалдаушы болған кезде жариялана алады.

8. Тендер процесі оның жариялануы мен жеңімпазды таңдауға дейінгі сәтінен бастап кемінде бір айдан және үш айдан аспайтын уақытты алуға тиіс.

9. Тендер жеңімпазы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен тендерде әуе желілерін ұтып алынған әуе желілерін пайдалануға келісім-шартқа қол қою құқығын алады.

10. Тендерге жекелеген әуе желілері де, сондай-ақ осы желілердің пакеттері де қ о й ы л у ы м ү м к і н .

Тендерге қойылатын әуе желілерінің пакеттерін қалыптастыру кезінде ұтымдыларымен бірге оған әлеуметтік мәні бар әуе желілері де қойылуы мүмкіндігін ескеру қажет. Мұндай пакеттерге 4-тен аспайтын әуе желісі қосылуы м ү м к і н .

11. Тендерге меншік нысанына қарамастан осы Уақытша ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келетін кез келген заңды немесе жеке тұлға (бұдан әрі - қ а т ы с у ш ы) қ а т ы с а а л а д ы .

II. Тендер комиссиясын қалыптастыру, оның негізгі міндеттері мен функциялары

12. Ашық тендерлерді өткізуді қамтамасыз ету және олардың қатысушыларының арасынан жеңімпазды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің төрағалық етуімен тендер комиссиясы құрылады.

Тендер комиссиясының құрамына:

- а) Қазақстан Республикасы Үкіметінің;
- б) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің;
- в) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің әуе кеңістігін және азаматтық авиация қызметін пайдалану жөніндегі комитетінің;
- г) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментінің;
- д) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің;
- е) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің;
- ж) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің;
- з) Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі;
- и) "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының;
- к) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і н і ң ;
- л) өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Аталған өкілдерге қосымша тендер комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынуы бойынша әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуді және жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру саласындағы сарапшылар енуі мүмкін.

13. Тендер комиссиясының саны тақ және кемінде 11 адам болуы тиіс.

14. Тендер комиссиясының негізгі міндеті тендерлік ұсыныстарды қабылдау және бағалау, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

министрлігі келісім-шарттар жасасуы тиіс тендер жеңімпаздарын айқындау
б о л ы п т а б ы л а д ы .

15. Тендер комиссиясы:

- а) өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді және бекітеді;
- б) тендерге қатысуға арналған өтінімді және ұсынылған тендер құжаттамасын қабылдайды және тіркейді, өтінім берушілерге ұсынылған тендер құжаттамасының мазмұны мен ресімделуінің табылған кемшіліктерін жою қажеттігін х а б а р л а й д ы ;
- в) тендер жеңімпаздарын айқындайды.

16. Тендер комиссиясының шешімі оның мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

III. Тендерге қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар

17. Тендерге қатысуға Пайдаланушының куәлігі бар, дер уақытында өтінім мен басқа да құжаттарды берген жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.

Тендерге қатысуы үшін тендер комиссиясының атына мынадай құжаттарды ұ с ы н у ы к е р е к :

- а) тендерге қатысуға арналған өтінім;
- б) құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған шарты, жарғы, тіркеу туралы куәлік және операциялар бойынша код кәртішкесі;
- в) Пайдаланушының куәлігі, сондай-ақ Халықаралық әуе көлігі ассоциациясы (International Air Transport Association (IATA)) берген авиакомпанияның Қатаң Есептік Бланкілерінің екі әріпті желілік коды мен үш сандық коды бар тасымалдау құжаттамасының көшірмесі;
- г) қаржылық орнықтылығы туралы, ұлттық және шетел валютасындағы шотындағы ақша қаражаты туралы банк анықтамасы. Шетелдік заңды тұлғалар бірінші сыныптық шетел банкінің анықтамасын ұсынады;
- д) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік авиациялық қадағалауының кәсіпорын-өтінім берушінің соңғы 12 айдағы авариялық оқиғалары мен уақиғалары туралы анықтамасы. Шетелдік заңды тұлғалар үшін - авиациялық қадағалау бойынша тиісті (заңды тұлғаны тіркеу бойынша) мемлекеттік о р г а н ы н ы ң а н ы қ т а м а с ы ;
- е) жолаушыларды, багажды, жүктерді және үшінші тұлғаларға қатысты заңдық жауапкершілікті сақтандыру жөніндегі мәліметтер (сақтандыру полистерінің нотариалды куәландырылған көшірмелері);
- ж) әуе кемелерінің өз паркі туралы мәліметтер (үлгілері, саны, борттық тіркеу нөмірлері, жалпы ресурстары және басқа). Бұл ретте әуе кемелерінің саны к е м і н д е е к е у б о л у ы т и і с ;

з) авиа желілерін пайдаланғаны үшін республикалық бюджетке төлемдердің мөлшерін қоса алғанда тендер шарттары бойынша жазбаша нысандағы ұсыныстар, жеке конвертке салынған экономикалық және коммерциялық тиімділік есептерімен бірге техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН);

к) кепілдік жарнаны енгізгенін растайтын құжат.

18. Тендерге қатысушы халықаралық әуе желілерін пайдалану құқығын алу үшін 17-тармақта көрсетілген талаптарға қосымша:

а) Қазақстан Республикасының резиденті болуы және жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе кемелерімен тасымалдауды, Қазақстан Республикасы таныған ұшу жарамдылығы нормасын қамтамасыз етуі, Қазақстан азаматтарынан т ұ р а т ы н э к и п а ж б о л у ы ;

б) әуе кемелерінің авариясыз ұшуларын қамтамасыз ету және тендерді өткізу күніне дейін кемінде 12 ай жолаушыларды, багажды және жүктерді жүйелі рейстермен тасымалдауды ұйымдастыру тәжірибесі болуы;

в) авиакомпанияның халықаралық азаматтық авиация ұйымында (International Civil Aviation Organization - ICAO) тіркелгені туралы куәлігі б о л у ы ;

г) Халықаралық әуе көлігі ассоциациясының (International Air Transport Association (IATA)) және халықаралық авиация байланысы коммерциялық ұйымының (International Society for Aeronautical Telecommunications - SITA) мүшесі б о л у ы т и і с .

IV. Ашық тендерді өткізуге әзірлікті ұйымдастыру

19. Тендер өткізу туралы шешім қабылданған соң тендер комиссиясы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (газеттер, радио, теледидар және басқалар) немесе тендерге әлеуетті қатысушыларды және тендер процесін байқауға тілек білдірген тұлғаларды жазбаша хабарландыру жолымен 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей тендердің негізгі шарттары мен оны өткізудің мерзімдерін ж а р и я л а й д ы .

20. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тендерге қатысуға тілек білдірушілер үшін мыналарды қамтитын тендердің п а к е т і н ә з і р л е й д і ;

а) тендерге қатысуға шақыру;

б) тендерді өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық;

в) тендерге қатысуға және тендер құжаттарының пакетін алуға арналған жазбаша өтінімдердің нысаны;

г) "Қатысушы туралы мәліметтер" сауалнамасының нысаны;

д) тендерге шығарылған әуе желілерінде жолаушылар мен жүктерді

тасымалдауды ұйымдастырудың негізгі шарттары мен талаптары;
е) қатысушының беретін тендерлік ұсыныстарының нысаны;
ж) тендер комиссиясы мүшелерінің тендер ұсыныстарын бағалау нысаны;
з) тендерге шығарылған әуе желілерінің санына тең конверттер жиынтығы (біреуі үлкен және екеуі кішкентай), немесе Қатысушының тендерлік ұсыныстарын беруіне арналған осы желілердің пакеттері.

21. 20-пунктте аталған құжаттардың нысаны мен мәтінін (мазмұнына қойылатын негізгі талаптар) тендер комиссиясы бекітеді.

22. Тендерді өткізуді ұйымдастыру процесіне қатысудың тендерлік құжаттарын жасау мен әзірлеу үшін тендер комиссиясы шарттық негізде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің мекемелері мен ұйымдарын, сондай-ақ жекелеген мамандарды тарта алады.

23. Комиссия тендер құжаттарына тендер өтуге дейін 7 жұмыс күнінен кешіктірмей түзетулер енгізуге қажет.

24. Тендер құжаттарына өзгертулер енгізілген жағдайда тендер комиссиясы барлық қатысушыларға жазбаша түрде 23-тармақта көрсетілген мерзімде х а б а р л а й д ы .

25. Комиссия тендерді оны өткізу тағайындалған күннен кемінде үш күн бұрын оны өткізбеуге құқылы.

V. Тендерлік ұсыныстардың мазмұны

26. Қатысушының тендерлік ұсыныстарында тендер комиссиясы кейін бағалау жүргізетін мынадай көрсеткіштер мен ақпарат қамтылуы тиіс:

а) әуе кемелерінің бортта қызмет көрсету сыныбына байланысты үлгісі, шығарылған жылы, сыйымдылығы (отырғызу орындары бойынша және толық), оларды қатысушы тендерге шығарылған авиажелілерде жүйелі авиатасымалдауларды орындау кезінде пайдаланады;

б) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін, жолаушылардың денсаулығы мен өмірін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

в) әуе желісіндегі ұшу маршруты бойынша ұсынылатын қозғалыс кестесінің нұсқалары, авиарейстердің орындалу қарқыны мен әуе желісін пайдалану кезінде халықтың сұранысын қанағаттандыру бойынша көзделетін шаралар көрсетілген ұ ш у к е с т е с і ;

г) жолаушыларға қызмет көрсету сервисінің ұсынылатын деңгейі мен оларға көрсетілетін қызметтердің қарқыны (тамақпен, сусынмен, мерзімді басылыммен, кәде-сыйлармен және тағы басқалармен қамтамасыз ету);

д) әрбір әуе желісі бойынша қозғалыс маршрутының учаскелеріндегі жолаушыларды, бағажды тасымалдау кезінде белгіленетін тарифтік ставкалар

мен

алымдардың

шамасы;

е) әуе кемелерін резервтеуді қамтамасыз ету, ақаулар пайда болған кезде оларды ауыстырудың жеделділігі және оларды ауыстыруға кететін уақыт шығыны, жолаушыларды көзделген әуежайға жеткізу және авиарейсті орындаудағы кідіру кезінде жолаушыларға қызмет көрсетудің жағдайлары жөніндегі шаралар жүйесі (пайдаланылатын немесе ұсынылатын);

ж) әуе кемелерінің салондарын жинап-тазалауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың, жолаушыларға қызмет көрсету құралдарын жинақтау мен ауыстыру жүйесі;

з) әуе желісін пайдалануға келісім-шарт жасау үшін ұсынылатын мерзім.

27. Қатысушы өз қалауы бойынша әуе кемелері ұшуларының қауіпсіздігін арттыруға, жолаушыларға түрлі жеңілдіктер, қызметтер және тағы басқаларды көрсетуге байланысты басқа да қосымша ұсыныстарды табыс ете алады.

VI. Тендерге қатысуды ресімдеудің тәртібі

28. Тендер комиссиясы тендерді өткізудің күні мен орнын және оған шығарылатын әуе желілерін жарияланған соң тендерге қатысуға тілек білдіруші авиатасымалдаушылар:

а) тендер комиссиясының хатшысынан "а" және "з" тармақшаларында көрсетілген құжаттарды өзі барып немесе жазбаша сұрау салу арқылы алуы;

б) тендерге қатысуға және тендер құжаттарының пакетін алуға арналған жазбаша өтінімдердің нысанын толтыруға;

в) өзінің белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін растауы тиіс деректерді көрсете және мынадай анықтамалар мен құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, "Қатысушы туралы мәліметтер" сауалнамасын ресімдеуге;

әуе кемелерін пайдаланушының куәлігі;

шаруашылық жүргізуші субъектінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігі мен операциялар бойынша кодтар кәртiшкесі;

тасымалдау құжаттамасының үлгілері (халықаралық әуе желілерін пайдалану үшін) IATA қатаң есептілік бланкілерінің екіәріпті желілік коды мен үшсандық кодымен бірге осы құжаттама үлгілерінің көшірмелері, авиакомпанияның ICAO тіркелгені туралы куәлікті авиакомпанияның IATA және SITA мүшелігін растайтын құжаттар, сондай-ақ ұшулардың қауіпсіздігін және жолаушыларды, багажды және жүктерді тендер өткізу күніне дейін соңғы 12 ай ішінде жүйелі рейстермен тасымалдауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуінің анықтама-талдамасы;

тендерге шығарылған әуе желілерін пайдалану кезінде ұшуларды қамтамасыз ету үшін жоспарланған әуе кемелерінің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігі;

міндетті сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру полистері (ш а р т т а р ы) ;

әуе көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдауға құқық беретін мемлекеттік лицензия ;

Қатысушының қаржылық орнықтылығы туралы, оның ұлттық және шетел валютасындағы шотындағы ақша қаражаты туралы қызмет көрсетуші банктің анықтамасында ;

мемлекеттік авиация органының қатысушының соңғы 12 айдағы әуе кемелерінің ұшуларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуінің анықтамасы;

г) тендер құжаттары пакетінің және тендерге қатысу құнын 20 есе ең төменгі есепті көрсеткіш мөлшерінде төлеуі;

д) тендер комиссиясының атына тендерге қатысуға және тендер құжаттары пакетін алуға арналған толтырылған өтінімдерді 28 в) - тармақта көрсетілген анықтамалар мен құжаттардың көшірмелерін және 28 г) - тармақта көрсетілген төлемді растайтын көшірмесін қоса беріп "Қатысушы туралы мәліметтер" ресімделген сауалнамасын өз қолымен немесе почта арқылы жөнелту.

29. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер мен 28(в)-тармақтың "в" тармақшасында көрсетілген құжаттарды қабылдау тендерді өткізу датасына дейін бес жұмыс күнінің ішінде аяқталады. Осы құжаттарды алған соң тендер комиссиясы оларға тіркеу, белгіленген талаптарға сәйкестілігіне бағалау жүргізеді. Ескертпелер болмаған кезде өтінім берушіге оны тендердің қатысушысы деп тану туралы хабарлама беріледі.

30. Өтінімдері қарауға қабылданған немесе бас тартылған өтінім берушілерге бұл туралы тендер комиссиясы себептерін көрсете отырып 5 күн мерзімде х а б а р л а й д ы .

31. Тендердің әрбір қатысушысы тендер комиссиясына тендер өткізілетін күннің алдындағы жұмыс күнінің сағат 16-дан кешіктірмей белгіленген нысанда және талап етілетін данада (тендер комиссиясы мүшелерінің санына сәйкес) оларды тендер комиссиясы мүшелерінің бағалау нысандарымен бірге таңдап алынған әуе желілеріне (олардың пакеттеріне) арналған тендерлік ұсыныстарды және қатысушы туралы мәліметтерді тапсырады.

Тендерлік ұсыныстар оларды бағалау нысандарымен бірге және қатысушы туралы мәліметтер екі кіші конвертке бөлек-бөлек салынады, аузы жабылып бір үлкен конвертке салынады, оның да аузы жабылады. Тендерлік ұсыныстарда қатысушы туралы деректер болмауы тиіс. Барлық үш конверт ешқандай да бір айырым белгілерінсіз, белгі соғуларсыз, мынадай: тендерлік ұсыныстар бар конверттегі - "Тендерлік ұсыныстар" деген, қатысушы туралы ақпарат бар конверттегі - "Қатысушы туралы мәліметтер" деген жазбаларды, үлкен

конверттегі тендерге шығарылған әуе желісінің атауын немесе осы желілердің пакетін қоспағанда,

қатысушыдан осы конвертті алу сәтінде тендер комиссиясына ұсына алады.

32. Белгіленген мерзімнен кеш түскен тендерлік ұсыныстар тендерге қатысуға жіберілмейді. Тендер комиссиясы мерзімінде берілген тендерлік ұсыныстардың бәрін түгел қабылдауға міндетті.

33. Тендер комиссиясы қатысушының тендерлік ұсыныстарын қабылдаған соң оған толықтыру мен қандай да болмасын өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

34. Қатысушының тендер комиссиясы тіркеген тендерлік ұсыныстары 60 күннің ішінде заңдық күшке ие.

35. Тендерге қатысуға өтініш берген адамдар туралы мәліметтер жария етуге жатпайды.

36. Тендердің қатысушысы жазбаша сұрау салудың негізінде өзінің тендерлік ұсыныстарын тендер өткізілетін күннің алдындағы жұмыс күнгі сағат 16-дан кешіктірмей қайтып алуға құқығы бар.

37. Тендердің қатысушылары тендер комиссиясынан тендер өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей тендердің өткізілуіне байланысты туындаған мәселелерге ауызша нысанда да, сондай-ақ қатысушылардың қалауы бойынша жазбаша жауап алуға құқығы бар.

VII. Ашық тендерді өткізудің тәртібі, тендерлік ұсыныстарды бағалау және жеңімпазды айқындау

38. Комиссия тағайындалған уақытқа тендер комиссиясының тендердің байқаушылары мен қатысушыларын орналастыру үшін тендерді өткізу орнын әзірлейді және оны жабдықтайды.

39. Егер шығарылған пакет немесе жеке әуе желісі бойынша тендерге қатысуға бір ғана өтінім берілген болса, онда бұл пакет немесе әуе желісі тендер комиссиясының шешімі бойынша тендерден алынып тасталынуы мүмкін.

40. Тендерлік ұсыныстарды қарау мен бағалау процесі екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде қатысушылардың тендерлік ұсыныстарын тендер комиссиясының әрбір мүшесі мынадай ресім бойынша жеке-жеке қарайды.

Оларды бағалау нысандарымен бірге "Тендерлік ұсыныстар" деген жазуы бар аузы жабық конверт бар қатысушылар берген үлкен конверттер мен "Қатысушы туралы мәліметтер" деген жазуы бар конверт көзге ашық көрінбейтін қорапта орналастырылады. Тендер комиссиясының төрағасы қатысушылар мен

байқаушылардың қатысуында қорапшадан кез келген конвертті суырып алады да конверттің оң жақтағы жоғарғы бұрышына шрифтімен бірінші реттік нөмірін қояды. Сосын төраға үлкен конверттің аузын ашады. "Тендерлік ұсыныстар" және "Қатысушы туралы мәліметтер" деген конверттерге де бірінші реттік нөмірді қояды. Бұдан әрі төраға тендерлік ұсыныстар бар конверттің аузын ашады, осы ұсыныстар мен бағалау нысандарының әрбір данасына (көшірмесіне) бірінші реттік нөмірді қояды, және оны қарау және бағалау үшін (10 баллдық жүйе бойынша) тендер комиссиясының мүшелеріне таратады.

Тендер комиссиясының әрбір мүшесі тендерлік ұсыныстарды қарау мен бағалаудың нәтижелері бойынша белгіленген бағалау нысанын толтырып, өз қолдарымен куәландырады да, оны тендерлік ұсыныстармен бірге тендерлік комиссиясының төрағасына немесе хатшысына береді, олар қатысушының нөмірі бір тендерлік ұсыныстары деген үлкен конвертке қайта салуға міндетті.

Тендерлік ұсыныстарды қарау мен бағалаудың осы секілді рәсімі тендердің барлық қалған қатысушылары үшін де жүргізілуі тиіс.

Екінші кезеңде тендер комиссиясының мүшелері реттік нөмірдегі қатысушының тендерлік ұсыныстарды бағалаудың куәландырылған нысандарының негізінде жиынтық баллдарын қосады және әрбір қатысушы бойынша жалпы жиынтық баллды айқындайды, оны комиссияның хатшысы хаттамаға тіркейді, барынша жоғарғы баллдардың жиынтығын алған қатысушы-жеңімпаздың реттік нөмірін айқындайды.

Тендер комиссиясының төрағасы тендер комиссиясының мүшелерінің, тендерге қатысушылардың және байқаушылардың қатысуында барынша жоғары жиынтық балл алған қатысушы-жеңімпаздың реттік нөмірін айтады, жария етілген жеңімпаздың нөміріне сәйкес келетін нөмірі бар үлкен конвертті қолына алады, одан "Қатысушы туралы мәліметтер" деген конвертті суырып, оның аузын ашады да қатысушының деректерінің тендердің шарттарына сәйкестігімен танысу және тексеру үшін тендер комиссиясының мүшелеріне осы ақпараттық даналарын (көшірмелерін) таратады.

Тендер комиссиясының мүшелері "Қатысушы туралы мәліметтермен" танысып және қатысушы-жеңімпаздың деректерінің тендердің шарттарына сәйкестігін растаған соң төраға қатысып отырғандарға тендерге қатысушыларға қатысушы-жеңімпаздың деректерін жариялайды, ол Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен тендерде жеңіп алынған әуе желісін немесе оның пакетін пайдалану құқығына келісім-шарт жасасуға құқық а л а д ы .

41. Тендер комиссиясы отырысының тендердің жеңімпазын айқындау жөнінде нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған тендер комиссиясының мүшелері қол қояды. Тендер құжаттарымен және бағалау нәтижелерімен хаттама

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің
с а қ т а у ы н а б е р і л е д і .

42. Тендер комиссиясы хаттамасының негізінде Көлік және коммуникациялар министрлігі тендер жеңімпазымен тендерде ұтып алынған әуе желісін немесе оның пакетін пайдалану хұқына келісім-шарт жасасады.

43. Тендердің кез келген қатысушысы тендер өткізілген күннен кейінгі 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінен жазбаша нысанда өзінің тендерлік ұсыныстарының және осы тендердің басқа қатысушылардың осындай ұсыныстарының бағалану нәтижелерін сұрауға және алуға құқығы бар.

VIII. Тендер жеңімпаздарымен келісім-шарттар ж а с а с у д ы ң т ә р т і б і

44. Тендерде ұтып алынған әуе кемесі желісін оның пакетін пайдалану құқығына арналған келісім-шартты Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жеңімпазбен тендерлік ұсыныстарда көрсетілген
м е р з і м д е ж а с а й д ы .

45. Келісім-шартқа екі тарап тендер аяқталған соң 10 күннен кешіктірмей қол қоюға тиіс және ол қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

46. Келісім-шартты жасау кезінде қатысушының тендерлік ұсыныстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің тендерлік құжаттарға белгіленген шарттары мен талаптары
н е г і з г е а л ы н а д ы .

47. Келісім-шартта тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі, келісім-шартты бұзудың тәртібі мен шарттары, сондай-ақ келісім-шартты орындаудың басқа да талаптары көрсетіледі.

48. Тендер жеңімпазының келісім-шарттың талаптарын орындауына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

IX. Тендерге қатысушылардан алынған қаржы қаражатын п а й д а л а н у д ы ң т ә р т і б і

49. Тендерге қатысушылардан алынған қаржы қаражатын Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі тендер құжаттарын әзірлеу мен ресімдеуге және ашық тендерді өткізуге байланысты шығындарды жабуға пайдаланады.

50. Тендерлік құжаттарды әзірлеу мен ресімдеуге және ашық тендерді өткізуді ұйымдастыруға тартылған заңды тұлғалардың шығындарына немесе жеке тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жасасқан шарттарға сәйкес жүргізіледі.

Х. Дауларды шешу

51. Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелер бойынша дауларды тараптар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен шешеді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 8 тамыздағы

№ 1239 қаулысына

қосымша

ТЕНДЕРЛІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

Лавриненко Ю.И. - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі, төраға

Әбдікамалов О.А. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті директорының орынбасары

Сәлімов Б.У. - ӘКП және АА қызметі жөніндегі комитеттің төрағасы, хатшы

Әшімов Н.С. - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда вице-министрі

Бәйішев К.С. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар вице-министрі

Бижанов Н.К. - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

Ыдырысов Е.Ә. - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Құлназаров С.Д. - "Казаэронавигация" РМК бас директорының орынбасары

Кравченко Ю.А. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Үкіметі шешімдерін әзірлеуді үйлестіру бөлімінің консультанты

Молдахметов Н.С. - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Оразбақов Ғ.І. - Қазақстан Республикасының Көлік және

коммуникациялар министрлігі Инвестицияның
экологиялық саясат және сыртқы байланыстар
департаментінің директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК